

ӨЛКЕНІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ



Қазақта «Саф өнер саңлаққа ғана қонады» деген жақсы сөз бар. Осы бір әдемі теңеуді тарихты, шежірені, салт-дәстүрді жақсы білетін, белді азаматтардың бірі, өзінің көрегендігімен елді аузына қаратқан, бүгінде «ауыл ақсақалы» атанып отырған Балтабай Боқайтегіні қай жағынан айтсақ та жарасатындай. Елге еселі еңбегімен жаққан, ұлттық руханият пен мәдениетімізді төрге шығаруға ғұмырының жартысын арнаған абзал жан.

«Баталы құл арымас» деген нақылды әс тұтып, ел үлкендерінің ақ батасын алған, көкірегі толған қазына жанның еңбек жолына үңілсек, қай қызметте болса да ұлтымыздың ұлттық дәстүрін, соның ішінде ат спортын дамытуға үлес қосып, оның өркендеуіне алтындай уақытын арнағанын түсінуге болады. Негізгі алған білімі бойынша ауыл шаруашылығын өркендетуде

өзінің туған ауылы Жұмыскер ауылының өсіп өркендеуіне ерекше қолғабыс танытқан Балтекеңнің саятшылық өнерді дәріптеп, мәдениет саласында да қалдырған қолтаңбасы орасан. Әсіресе, Жұмыскер ауылының әкімі болып тұрғанда елді мекенді көркейтуге үлес қосып, ауыл тазалығына ерекше ден қойған аптал азамат.

Елдің сөзін сөйлеп, қамын ойлаған қазіргі уақытта абырой биігіне жетіп, қоғамдық-саяси қызметте белсенділік танытып, ел экономикасын нығайтуда елеулі еңбегімен қоса, өлкесінің тарихқа жақын небір құнды дүниелерді жинақтап, сақтап өлке мұражайына тапсырып үлкен іс атқарған. Ауылында тарих жәдігерлерін топтап музейдің ашылуына ұйытқы болғанын елдің бәрі біледі. Тіпті үйінің бөлмелері де музей дерсің. Сондай-ақ, өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттап, алғаш болып ауыл мектебінде атбегілікті дәріптеп дәріс берген, сонымен қатар рухани құндылығымыз салтанаты мен сәні жарасқан саятшылық өнерге қосқан үлесі де, бір төбе деп ауыз толтырып айтуға болады. Осындай елеулі еңбегімен елге танылған Боқайтегі Балтабай Игенұлы бүгінде 70-тің желкеніне аяқ басып отыр.

Соның айғағындай жақында аудандық орталық

кітапханада, танымал атбегі, өлкетанушы, «Еңбек даңқы» орденінің иегері, шежіретанушы Боқайтегі Балтабай Игенұлының 70 жас мерейтойына арналған «Өлкенің дара тұлғасы» атты кездесу кеші болып өтті. Кездесу кеші Сыдық Мұхамеджанов атындағы өнер мектебінің өнерпаз бишілердің биімен басталып, кеш қонақтары кітапхананың оқырмандар залына жайғасты. Кешті ашқан жүргізуші Бақдәулет Көпбаев Балтабай ағамызды халықтың қошеметімен ортаға шақырды.

Кеш барысында алдымен ағамыздың өмір мектебінен арнайы дайындалған видеоролик көрсетіліп, Балтекеңнің өлке тарихы, ат спорты, саятшылық жайындағы «Деген екен» деген ел аузындағы ауызекі әңгімелер төңірегінде әсерлі әңгіме өрбітілді.

Кеш барысында Балтекеңнің жуырда жарық көрген «Тағылы ауылдық округі бойынша алғашқы мектептер» атты жинақтың тұсауы кесіліп, рәсімді жүргізу құрметі аудан әкімінің орынбасары Орал Стыбаев пен жерлесіміз, әуесқой сазгер, әнші, ат спортының төрешісі «Сарыжайлау» кинотеатрының директоры Әбдіғали Саятқа

бұйырды. Өздерінің жүрек жарды тілегін білдірген Саят бауыры Балтабай ағасына ескерткіш сыйлығын тарту етті. Бұдан соң мерейлі кеш одан әрі жалғасып, аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Өмірғали Қызылов «Шет ауданының Құрметті ардагері» атағын салтанатты

бауыры Бидайбеков Айбол ағаларымыз ізгі тілек лебіздерін білдіріп, сый құрмет көрсетті. Кеште еңбек жолында біте қайнасқан Рысбек Оразханов сөз алып, Балтабай Игенұлының тамаша еңбектеріне тоқталып, жетпіс жас мерейтойы құрметіне арнап ат мінгізді. Бұдан кейін



түрде табыстаса, аудан әкімінің атынан орынбасары О.Стыбаев Балтекеңе құттықтау хатын тапсырып, қазақы дәстүрмен иығына шапан жапты. Мерейлі кеште Ақадыр кентінің тұрғыны, жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Өмір Кәріпұлының Балтабай Игенұлына арналған Арнауы табыс етілді.

Сонымен қатар, кешке арнайы шақырылған қонақтарымыз Алматы қаласынан келген қазақ билер алқасының құрылтайшысы Сәду Расул, ауылының ақсақалы Рақымжан Өмірғали, мектептегі қатарлас жолдасы Сәрсенбеков Қайролла,

тілек білдірген Әділ Смағұлов, Ертай Жаныбековтер мерейтойы иесіне лебіздерін білдіріп, еңбек жолындағы жетістіктеріне тоқталып өтті.

Мерейлі шарада өнерлерін ортаға салған өнер мектебінің ұстазы, күйші Жүсіп Дәулетбек, аудандық мәдени-сауық орталығының дәстүрлі әншісі Еркебұлан Ахметовтер ән мен күйден шашу шашып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Салтанат ЖОСАЛБАЙ.